

**Бастөбе ауылдық округінің "Жылыбұлақ" ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы N 133 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 11 маусымда N 2-12-195 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 қазандағы N 265 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012.10.02 N 265 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылғы 28 сәуірдегі N 11 ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бастөбе ауылдық округінің "Жылыбұлақ" ауылында мүйізді ұсақ малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

*С. Дүйсембінов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ауыл шаруашылығы Министрлігі  
Ветеринариялық қадағалау және  
бақылау комитетінің Қаратал

*инспекциясының бастығы*  
21 мамыр 2012 жыл

*а у д а н д ы қ                      а у м а қ т ы қ*  
*Алмат Полатұлы Күншығар*

*басқармасының бастығы*  
21 мамыр 2012 жыл

*Қ а р а т а л                      а у д а н ы                      б о й ы н ш а*  
*м е м л е к е т т і к                      с а н и т а р л ы қ -*  
*э п и д е м и о л о г и я л ы қ                      қ а д а ғ а л а у*  
*Владимир Петрович Маркевич*